



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Валюта нарығы туралы ақпараттық хабарлама

Астана қ.

2026 жылғы 1 сәуір

Наурыз айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 478,15 теңгеге дейін 3,9%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа бір күндік көлемі бір айда 335 млн АҚШ долларынан 372 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 6,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Наурыз айында Ұлттық қордан 400 млн АҚШ долларында валюта сатылып, ол республикалық бюджетке трансферт бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 6%-ы немесе күніне 22 млн АҚШ долларына жуық болды.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескергенде, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферт бөлуге Ұлттық Банк сәуір айында Ұлттық қордан 300 млн АҚШ долларынан 400 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылады деп болжайды.

Наурыз айында «айналау» операциялары аясында шамамен 350 млрд теңге алынды. 2026 жылғы II тоқсанда «айналау» операциялары аясында шамамен баламасы 1,1 трлн теңгеге шетел валютасын сату жоспарланып отыр.

Ұлттық қордың қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ «айналау» тетігін іске асыру кезінде Ұлттық Банк нарықтық бейтараптық қағидатын ұстанады. Ол шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді.

Ұлттық Банк наурыз айында валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату нормасы аясында валюта түсімін сату көлемі шамамен 391 млн АҚШ долларын құрады.

Осыған дейінгі жоспарға сәйкес Ұлттық Банк наурыз айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алмады. Бұдан кейінгі шешімдер БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің теңгерімді инвестициялық құрылымын қолдау қажеттілігін мен ағымдағы нарықтық жағдайды ескере отырып қабылданатын болады.

Ашықтық қағидаты аясында Ұлттық Банк валюта нарығында жүргізілетін операциялар туралы ақпаратты толық ашып көрсетуді жалғастырады. Қысқамерзімді келешекте теңгенің динамикасы нарыққа қатысушылардың күтулеріне, тоқсандық салық төлемдеріне, әлемдік нарықтардағы ахуалға және геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты болады. Ұлттық Банк теңгерімсіздіктің жинақталуын болдырмайтын және алтын-валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін икемді бағам белгілеу режимін ұстана береді.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz